

84/5/03 4/12/552

Баязитов С.



ХАН
ИЕМ

Облыстық С.Торай-
Ғыров атындағы
Жігіт қолөнерші
жасаының құрамына.

Д.Бұл

84 (5 Қаз-4 Пав)
Б 31

Сүлеймен Баязитов

ХАН ИЕМ

Павлодарская область
СШК Библиотека 505113
С. Торайғыров

Павлодар, 2005 жыл

ХАН ИЕМ. Сүлеймен Баязитов.
2005 г. - г. Павлодар, НПФ "ЭКО". 96 стр.

ISBN - 9965-625-23-3

Жинаққа ақын Сүлеймен Баязитовтың тарихи тұлғаларға, тарихи кезеңдерге арналған олеңдері, аңыздары, балладалары, триптихтері еніп отыр.

Ақынның 1979 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Бастау», 2004 жылы Павлодар қаласындағы баспаардаң шыққан балаларға арналған «Жасыбай батыр», «Құдыреті күшті бір Алла», «Елсіздегі елес» атты кітаптарын оның олеңдері негізінде түсірілген «Ұлыларды ұлықтау» бейне фильмін оқырмандар, көрермендер жылы қабылдады.

ISBN - 9965-625-23-3

© Сүлеймен Баязитов, 2005 г.

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ

ТАРИХ

Біздің тарих шиырлы, бұралаңды.
Қызыл қан мен
Көз жастан құралады.
Өзекті өртер өксікті ашып айтпай,
Келе жатыр арылмай мұнар әлі,
Келе жатыр
Арылмай мұнар әлі.
Қайран шындық қанша рет тұралады.
О, төңір-ай, әлдекім тарих десе.
Көз алдыма келтірем мұнараны.
Кавказдағы шындардың біріндегі,*
Күнді бағып көзі оның ілінбеді.
Сол мұнара секілді біздің тарих,
Құдіретке бас иіп күлімдеді.
Қалған шындық құдірет тасасында,
Сөті түсіп сырынды ашасың ба.
Бет-бейнеңді мәңгілік өзгерттің бе,
Ұлықтардың айналып асасына.

* Кавказдағы Тиберда шыңына орнатылған алып телескоп.



Біздің тарих шиырлы, бұралаң-ды,
Қызыл қан мен
Көз жастан құралады.
Өзекті өртер өксікті ашып айтнай,
Келе жатыр арылмай мұнар өлі.

ХАН ИЕМ

Төле бидің түйесін,
Баға жүріп төскейде.
Қара тобыр жұртыңа
Көрсеттің бе сес кейде.
Оны бүгін тап басып
Айта алатын жоқ пенде.
Көшер болса ұлы сең
Жаншып, езіп көшпей ме.
Жойқын күш ең жолыңды,
Қалың қырсық торлаған.
Жау қолынан қаза боп,
Хан әкең мен сорлы анаң.
Панасы жоқ жетім ең,
Тастай қашқан ұлысын.
Жауыр атқа ер салып,
Көз жазған соң жоррадан.
Кімдер сені есіркеп,
Сипады екен басыңнан.



Байқаса ғой сол сәтте,
Кейіпінді ашынған.
Ерсің биік алдияр,
Қалай ғана сидың сен,
Оза туған тұрқыңмен.
Көп тобырға ғасырдан.
Абылайлап қол бастар,
Арман сәтті күттің бе.
Әруақ қонып, бақ артып,
Дарығанын құт күнде.
Сезген шығар жас жаның,
Тазарғанын аспаның.
Көшіп кесір бұлт мүлде,
Туған сәтте алдияр,
Ел басына қиын күн
Бір аллаға сиындың.
Тас түлектей түйіндің,
Халқым сенің құлыңмын.
Сеніменен түлермін
Серпіп құлдық құрығын.
Жүрегіңнің сол сәтте,
Ұқты дейсің күйін кім...
Аңыз болып тараған
Есіміңе, ғасырға,
Күйе жақтық хан-ием.



Күлкі қылдық тасырға!
Сол тасырдай сор маңдай,
Ақылымыз кенде екен.
Ұққанымыз кемде-кем,
Күйе жағып болмасын.
Көктен түскен жасынға.

КӨМЕКЕЙ ӘУЛИЕ

Бұқар жырау тақияңа тар емес еді-ау, қарағым.
Өз ортаңнан шыққан көмекей әулиені дипломыңа
тақырып етіп алмауың өкініш.
(Жазушы, опонент Ө.Ахметовтың диплом
қорғаушыға жасаған ескертпесінен).

Мұнар қаптап жердің бетін мұң
басқан,
Сыңсыған зар, төгілген шер тынбастан.
Бір ғасырдан бір ғасырға жалғасқан,
Жер тітіреп
Көзін сығып тынды аспан.
Қазақ деген
Қаймана елдің ірге тұсы іріген,
Төзім шіркін тулақтайын шіріген,
Сол бір тұста жарылқады бір құдай.
Атқа мініп, таққа отырды Абылай.



О, Абылай.

Қазағымның қызыры да, пірі сен.
Кемел ойлы, тау тұлғалы ерлерінің ірісі ең,
Кезеңінен қан түкірген шұбырынды ақ
табан.

Саған алла ақылшы ғып Бұқар қартты
сақтаған.

Көз алдымнан өтіп жатқан секілді,

Айбынды ерлер

Ақылды ерлер

Ел бірлігін жақтаған.

Сол ерлердің арасында

Күміс сақал кеудесіне төгілген,

Жерім десе желпініп

Елім десе егілген

Бұқар баба көмекейі бүлкілдеп

Жыр төккенде, а, құдайлап сеніммен

Кім бар еді шалқымаған, шаттанып.

Қазақ түгіл

Әулиені сескенетін жат танып.

Әсиет жыры өзекті, жанды баураған.

Жадында қалған жұртының мәңгі

жатталып.

Әсиет сөзі ой салған қара, ханға да.

Оқыдық біздер жырыңды, баба, таң қала.

Еліңе жаулық сағынба деген сара ақыл.



Түскендей қазір
Қайтадан түлеп, жандана.
Еліңе жаулық сағынба деген, Абызым,
Данышпан-сымақ білеген Айға азуын.
Ақылыңды осы алғандай естен шығарып,
Келерін білмей
Жұртыңның қайдан жазымы.
Бұрқылдап кейде бурадай жынын
шашқанда,
Жырыңа сенің көз салдым, баба, жасқана.
Әруағың мына халқыңды жебеп,
қой мінез,
Тосқауыл қойғай сабасынан тасып,
асқанға.

ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК

Мал баққан елдің
Жай жатқан елдің түлегі.
Алдында Хонтаж қасқая қарап тұр енді.
Сөйлеген сайын дір етіп Хонтаж жүрегі.
Құдай боп қашты реңі,
«Дауысы еске салғандай екен қаз үнін».
Ұмытып бір сәт елшінің саны аздығын,
Көрінген еді қаршадай бала, Хонтажға,
Жатқандай қағыш



Мызғымас қазақ қазығын.
Жатқандай қағып
Хан ордасының төріне.
Ие - Мен, деп
Тұрғандай байтақ жеріме.
Бурадай шайнап тастамақ еді баланы,
Келмеді халі.
Қозғалуға да көріне,
Кемелдік, кендік
Өлшеусіз ерлік
Тал бойына тұнған жалын жас.
Тақаса қалса,
Неден де болса тайынбас.
Ордасын шауып ойранын кетсе шығарып.
Түтіні өшіп,
Дастарханы мәңгілік жайылмас.
Беріліп ойға
Алдырмай сырын сыздаған.
Хонтажының жүрегі мың сан мұздаған.
Маңдайы жіпсіп
Тиянақ таппай табанын бүрсіз тірерге
Кездесті қайдан
Бермейтін асу, құз маған.
Дегендей
Басын ұрғандай болып тау-тасқа,
Күйзелісін бәлкім сыр қылып жатқа



айтпас та,
Қазыбекті көріп сұңғыла көңіл сезген ол.
Қазақтың күні туарын алда айқаста.
Қазақтың күні
Туғанын іштей ұғынып.
Жанынан емес,
Ертеңінен елдің түңіліп.
Аруағы тайып
Қампайған жүні жығылып.
Тағдыры қылға
Сәтінде тұрған ілініп.
Шарасыз Хонтаж
Тіккенде құлақ Қазыбекке
Қылыштай сөзден
Жүрегі жатты тілініп.



ОЛЖАБАЙ

Олжабайлап ат қойған,
Қалың жауға шүйлігіп.
Жау ордасын талқандап,
Салған талай қиғылық.
Тірісінде-ақ аңыз ғып.
Ел ерлігін тербеген.
Көк нөсерлі күй қылып.
Арыс ұлы халқының
Дархан жаны даладай.
Дүниенің бетіне өткен сірә қарамай
Бала мінез бабам-ай.
Неткен халқың көреген
Халқың неткен данышпан.
Жырың сенің тұрғандай
Төгіліп бір ғарыштан.
Жау жарағың, алмасың
Аярлықпен алысқан
Жетпесе де біздерге
Семсер жырың серпінді.
Ішке бүгіп кетсең де
Өзектегі өртіңді.
Аңыз қылып айтады ел
Жігерің мен еркіңді.
Батыр едің, ел-жұртты



Азат еткен тепкіден.
Жырау ең сен жүректе
Жыр жүйрігін теткіген.
Өулие де едің сен
Көре білген келерін.
Бұған куә бір аңыз
Жеткен бізге ескіден.
Олжабайлап ат қойып,
Сансыз жаудан қынбаған.
Жауды жойып, қашырмай,
Белін шешіп тынбаған.
Кезім жетті атыңды жырға қосып
шалқитын,
Жыр толграмақ сен жайлы
Сенсең баба сын маған.



МӘШҰР ЖҮСІП

*Айырылды біздің қазақ Есілінен,
Өзінің болған емес кесірінен.
(М.Көпеев).*

I.

Шұрайлы жер, шуақты өлкені
Шалып,
Қара шекпен, жатқанын ауыз салып.
Көрген сәтте, Мәшеке, жан күйзеліп,
Не болар деп бейшара мына халық.
Жан жүрегің сезімтал жараланып,
Жаздың өлең әр сөзің дараланып.
Жиырылып қарсы алса ұлық біткен,
Ұйып тындай қалғанды қара халық...
Сөйте тұра қазақты сын шоғына
қақтаған,
Абай ішкен зәрлі уды жан емес ең
татпаған.
Үміт үзбей қазағым түзелер деп
кеткен ең,
Келді кезең, Мәшеке, сеніміңді ақтаған.



II.

Жапа шеккен заманнан тағдырыңды,
Білгендер аз, білмеген таң қылулы.
Әруағыңмен алысып, кей айуан,
Қанды қақпан
Басыңа сан құрылды.
Кешір, баба,
Күмбезің ойрандалып,
Оспадарлар
Кеткенмен ойран салып.
Жүрегінің түбінде сақтап жұртың,
Аман-есен жеткізді бұл күнге алыш.
Тас атудан
Тынбаған дәуір мына
Ақыр сені басқандай бауырына,
Ескелдінің басына шығып, баба
Тұрғандайсың көз салып ауылыңа.



УА, ОТЫРАР, ҚАРЫЗДАРМЫЗ БІЗ САҒАН!

Отырардың шығарғанда ойранын,
Жер бетінен мәңгілікке жойғанын.
Көре тұрып Шыңғыс баяу күрсінді,
Намысына сезінді от қойғанын.

Қанға бөккен алба-дұлба халықтың,
Ес жиярын,
Атқа қонған алыптың.
Майдан құрып, ата кегін қуарын,
Ұғынғанда ақсұр жүзін шалып мұң.
Ет жүрегі тұңғыш бәлкім, дір еткен,
Қасқыр заман әлсіздерге пір еткен.
Өтетінін қас қарымда сезген ол,
Бұлтты жарып шыққан күндей
түнектен.
Отырардың сөнген оты жанарын.
Бірін-бірі алмастырған сан ағым,
Ұлы ханды жарты әлемді жаулаған,
Қанды балақ қарақшы деп санарын.
Ойлағанда
Отқа оранып, қан сасыған далаңы,
Күлге айналған асқақ, абат қаланы.



Тастай беріп, кеткісі кеп бір уақ,
Ыңырсыды арыстандай жаралы.

Бөбектерді найза ұшына түйреген,
Аруларды қолаң шаштан сүйреген.
Айбынды хан алғаш тауы шағылып,
Жеңе тұра рухани күйреген.

Алты ай бойы өмір, өлім тірескен,
(Шыңғыс мұны шығарар ма сірә естен)
Сайқал сатқын ашпағанда қақпаны.
Қамалды алу қиын еді күреспен.
Бірде-бірі сұрамады жан сауға,
Неткен халық, неткен ерлік, о, тәуба.
Соңғы демі біткенінше алысқан.
Жалғыз өзі атой салып сан жауға.
Өлсе-дағы Қадырхандар қатерлі,
Жаулай жүріп, сан алуан жат елді,
Аспан ұлы дәл мұндайды көрмеген,
Сезінбеген дәл осындай қатерді.

Тұңғыш рет ет жүрегі сыздаған,
Тұңғыш рет қалтыраған, мұздаған...
Ұлы ханды тәубасына келтірген,
Уа, Отырар, қарыздармыз біз саған!




АҒАЛАРЫМ ҮЛГІ ТҰТАР АЛДАҒЫ

ТАРИХ КУӘ

Ермұқан Бекмахановқа

Сайсақтағы уақыт мінезіне,
Саясаттың сойылын бір өзіңе.
Сілтегендер
Сілеңді қатырғандар,
Сандырақтап
Іліккен кір езуге.
Езді сөздің малтасын жан ұшыра,
Шебер кезең езуге, жанышуға.
Алды «кегін» өзіңнен тарихшыдан,
Алды «кегін»
Кенедей хан үшін да
Жазықсыздан
Жаныңды жаралады,
Халық жауы, ұлтшыл деп қаралады,
Шығармаңды шындықтың бетін
ашқан,
Сұмырайлар басқаша саралады...
Тарих куә
Ел куә болған жайға,



Арызқойлар азуын білеп айра.
Жылымына
Тарихтың кетті батып,
Кім кінәлі,
Адам ба, бір құдай ма?
... Тарих көші
Жылжыған алға қарай,
Өткеніңе
Өксікті төгер арай.
Елің мынау
Ереке Ерлігіңді,
Ұрпақтарға жеткізер
Талмай,
талай.

ІЗГІЛІК

Профессор Дүйсетай Шаймұқановқа

Ізгілік нұр боп
Шашылған мына таңдарда,
Тігеміз көзді Алатау тектес заңғарға.
Жас жойқын бұла күштерді көріп сүйсінер,
Етеміз ізет өзіндей асыл жандарға.
Етеміз шүкір
Етеміз күнде мың тәуба.
Төгеді нұрын ақ шұғылалы күн тауға,



Сол нұрдай саған
Асығады менің бұл жаным.
Жүректен шыққан
Ағалық сөзді тыңдауға,
Еседі сол сәт
Бөлмеде қырдың самалы.
Пернеде ойнар саусақтар шіркін салалы,
Өз елін сүйген
Ағалық алып жүрегің.
Аңсады білем,
Аңсады білем даланы,
Даланы сонау
Азаттық үні сергіткен,
Мыңғыртып малын
Өндірісін ерге өрбіткен.
Қиялмен шарлап
Көк несер күймен тербеген.
Шабытты шақта
Өзіңді аға көрген ем.
Тарихшы ғалым,
Көп пе, аз ба оны білмедім,
Ғажайып екен жарқылдап аға күлгенің,
Мейірім аңсап
Ізгілік күткен бұл жаным.
Көктеткен еді
Көңілдің ырза гүлдерін.



II.

Сезіміңді сенің,
Ағалық
Ұғады мендей қай інің.
Теңізде талай
Ұрғанда толқын
Тәуекеліңнің қайығын.
Қайыспай өмір өріне қарай өрлеген,
Өзіңді аға көрген ем.
Жүнжіген сәтте
Жанарыңды маған тіктесең,
Ұялам сенен
Кірердей кара жерге мен.
Азаматтық
Ожданыңмен, арыңмен,
Өзіңдік сонау толқыған теңіз дарынмен,
Кеудеңде сенің тулаған жүрек «елім» - деп
Тіл қатар болса бар үнмен.
Айтары сірә
Інілеріне біздей сарқылмас.
Тірлікте мына
Найзағайдай аға жарқылдаш
Өзіндей жандар
Өсірген өмір өркенін.
Барында жүдө
Ізгілік нәрі тартылмас.



КҮМІС ТИЫН

/Марқұм Мұхаметжан Мұсаұлының рухына/

Байқожа

Тас балаған,
Мөлдір бастау.

Болса да жүрер жолға сәл қираштау.

Көрінген жеткіншекке әбестеу боп,

Мұқаңа арнап барып амандаспау.

Сонымен сара жолдан атын бұрып,

Салтымен сәлем берген ата ғұрып.

Сәлемін мұның берген алған Мұқаң,

Орнынан теңдесіндей ата тұрып,

- Бейшара-ай, балаға да құрақ ұшқан,

Дегенді бәйбішесі кірген тыстан,

Ал Мұқаң оның сөзін құлаққа ілмей,

- Сүрінді ас, ей бәйбіше қалған қыстан,

Дегенде көрпе төсеп

Жастық тастап,

Бір сөзді ел жайынан кеткен бастап.

Аздан соң сәл жымып бұған қарап,

Естідім бой ұрды деп өнерге асқақ,

Нұр жаусын айналайын талабыңа,

Жырыңды салайын ой сарабына.

Оқы, деп өтінді де үнсіз қалды,

Қол созды жеткіншек жыр парағына.



Тіл атты Тамырыңды.
Өз тілінде үмітпен өлең өрген
О, туған ел, білем мен сан ұлыңды.
Санатында солардың бар де, жоқ те,
Мәлім емес дей ақ қой аты көпке,
Қоңыр кеште көк жүзін кестелеген,
Майда жұлдыз дейді кім тұр деп текке:
Сол «майдалар» өмірге көрік берген,
Мен бармын деп емес-ау кеуде керген,
Ақ жүректен ақтарып адал жырын,
Дәметпеген еш атақ
Орын төрден.
Жылдан-жылға талабын,
Ойын шыңдап.
Елім деген жүректің үнін тыңдап.
Жатқан ақын жырақта астанадан,
Қалам ақы алғанда жүздеп, мыңдап,
Өлденеден өткенін есіне алған.
Сайқы мазақ саудагер мына жалған,
Ақ бас күрттай санасын жұрттың кеулеп,
Ордасына арлының ойран салған.
Жоқты бар ғып
Жоқ жасап жатқан бардан,
Миллион мен миллиард болып арман,
Кей қанішер жылпостар дүние үшін,
Нақақ жанның қанына қолын малған...



Есеңгіреп естілер естен танған,
Шақта осы Мұқанды есіме алғам,
Мый шіріткен «миллиард» сап тыйылып,
Күміс тиын сылдыры құлақ жарған,
Ауыр ойды сол сылдыр ығыстырып
Үміт таңы қол бұлған шақырды алдан.

БОЙТҰМАР

/3-ге/

I.

Евразия
Аймағында жортқан желдей сақтардың,
Шежіресін ертелі-кеш ақтардым.
Жеңісінен көктем көркін аңғарып,
Жеңілістен сездім тағдыр ақпанын.

Ат үстінде
Өмірі өткен ат жалында тыныстап,
Жарты әлемді жаулап алған ұрыс сап.
Сол сақтар да ардақ тұтқан аруын,
Ақ жолына алтын шашқан уыстап.

Махаббаттын
Жүрек сырын жаралы,
Қалған сақтап



Көрханасы, қамалы
«Аң стилі» атанатын әшекейлер әлемі,
Сақ арудың бейне жәудір жанары,
Еріксізден билейді екен сананы.

II.

Сақ арудың
Бойтұмары көздің жауын алғандай
Бір тайпа елдің
Белгісі боп қалғандай,
Бұғы, қасқыр, жолбарыс пен бүркітке,
Көз тігемін қиял кешіп армандай.
Бойтұмарлар
Аруларды сан қырсықтан қорғаған,
Махаббаттың
Адамзаттың арман-өнін,
Өтсе-дағы
Талай ғасыр тар қапаста сақтаған.
Соран қарап мың ойланып, толғанам.
Алтын іздеп
Көр талқандап тынбаған,
Қорқаулардан қалған сақтап мыңдаған.
Ақ сырынды алғадаусыз ұғынып,
Жанарыма
Жас іркіліп, мұңданам.



АЗАТТЫҚ ЕДІ АҢСАҒАНЫ, АРМАНЫ

ҚҰЛ

(баллада)

I.

Шырық-раббат*
Қаласына бет алған
Көш келеді көктей өрлеп қыр төсін,
Қоңыр самал соғып баяу қарсы алдан.
Апта бойғы
Қапырықтан жиды ақыры жұрт есін.
Көне дүние
Секілденген үзігі.
Көш алдында
Қария сақ жол бастап,
Думанды күн
Өте шыққан қызығын,
Асау тайдай ойқастап.
Сағынады
Оттай лаулап
Жалын атқан сол кезін

* Шырық-раббат. Сақтардың астанасы.
Қызылқұм шөлінде орын тепкен.



Сағынады жас дәуренін қырда өткен.
Өлдилеген
Жан дүниесін бал сезім,
Құрбысына ынтық еткен бірге өскен.

II.

Ауыл онда
Ен жайлауды жайлаған,
Жаз айы еді,
Күн қазандай қайнаған.
Бір сұлуға ғашық болып бұл деген
Өзиз басын төуекелге байлаған...
Шарты қатал
Ғашық жанға жұртының
Бас қолбасшы
Шалғайынан сипап қойып мұртының.
Ару менен мұны ортаға шақырған.
Орындамас қолбасшының ырқын кім.

- Күресіндер, -
деген сонсоң гүж етіп,
Жеңсең бұл қыз болат сенің қатының,
Шыққан сұлу ізет етіп ортаға.
- Өй, азамат, -
Деген баяу, - мен әйел затымын.



Айып болмас
Азамат деп жүгінсем
Жүрегімнің қалауы өзге, ұғын сен.
Үшқын оты
Махаббаттың сөнбеген.
Өзегімді мәңгі-бақи демесеңіз өртесін.
Ел көзінде
Демесеңіз аласарсын өркешім,
Бас тартыңыз бұл күрестен өтінем, -
Деген еді қайтпады бұл бетінен.
- Ерлігімде,
Күшім-дағы сіре саған тең демен,
(Аллам мені айбынтпасын пендеден).
Ата салтын сақ жұртының ұмытпа,
Азаматтың құл боларын бәсекеде
жеңбеген.

III.

Бас қолбасшы
Жасаған соң бата беру ырымын,
Қыз шарт түйіп бұрымын.
Еліктейін орғып шыққан ортаға,
Анасының деген үні - құлыным.
Құлағына
Жеткендей ед алыстан,



Қыз-елікке
Атылды енді арыстан.
Елік
Бір сәт шоршып шықты сытылып,
Енді бірде шартпа-шұрт алысқан.
Қыз сөзіне
Тулап қаны қайнаған...
Ер еді бұл майдан көрсе жайнаған.
Қарсыласын аш бөрідей шайнаған,
Сан майданда бастан бағы таймаған.
Қабағынан
Қаһар төгіп, бұлшық еті бұлтылдап,
Арыстандай елік-қызға ұмтылды-ақ.
Желіктіріп жел беруде жұрт шулап,
Шыпшыды тер, өне бойы шылқылдап.
Желге ұшқандай
Болып еді бір үміт,
Есесіне
Елік-қыздың күш-қуаты еселеп,
Сала берді кең тынысы тарылып.
Сезді сол сәт
Бойдан қуат қашқанын,
Бағы тайып
Бұлт басқанын аспанын.
Сопаң етіп түскенінде созылып,
Сөз етті жұрт қыз бағының асқанын.



Содан бері
Сол арудың қара табан құлы бұл,
Қараша үйде
Қыз әкелеп, қарсы алмады күліп ұл.
Жастық өтті,
Жетті келіп көрілік.
Көр кеудеге сәуле төккен ұлы нұр.
Махаббаттың
Шоғы жанын жылытқан, ататындай
Оған әман күліп таң.
Ғашығына көзі түссе қиядан,
Асқақ ұстап әзиз басын ұлықтан.
Төңіріне тәуба қылған ішінен.
Құлдың жайын жан болды ма
түсінген...
Көктей солған суық ұрып қызғалдақ.
Соңғы кезде шықпай қойды түсімнен.



ТӘУЕЛСІЗДІК - ӨТКЕНІМНІҢ ӨТЕМІ

(триптих)

Кіріспе

Тепкісінде өмір сүріп өзгенің,
Қанға батып,
Азап кешкен кездерің.
Теуелсіздік таңы атпаса арайлы,
Тарих,
Шіркін жұмып - жұмық көздерің,
Сыр ашпауға бейім еді мәңгілік.
- Хан қанішер,
Батырларың өңгүдік.
Билерің мен молдаларың,
Байлық құрып,
Сен құрып қасқыр тектес
қара жұртты талаған,
қансырап ел солар салған жарадан.
Қараңғылық құшағынан шыға алмай,
Қалған қалып
Өнер, білім, санадан.
Десе бізге
Қаңғып келген кезбелер,



(Кемітуге не демесін өзгелер)
Шыбындаған жылқыдайын бас шұлғып,
Жөн дер еді іштен шыққан езбелер.

- Сол тұстарда

Шындық үшін шырылдап,
Шыққандарға қанды қақпан құрылған.

Қуғын - сүргін

Кезеңінде кешегі,

Шындық үшін сая азамат қырылған.

Бекмаханов көрген мұны көзімен,

Заманының ызғар лебін біреудей ақ
сезінген.

- Кенесары ұлт батыры

Ұшқын шашып көзінен.

От басарын

Біле тұрып, қатерге бас байлаған

Бекмаханов рухынан айналам...

Сарқылмаған

Сардарлар мен сарбаздардың ерлігі-ау,

Қанымызда қайнаған.

Мұның өзі

Өсер жастың өзегіне ой тастап,

Бастағаны айдан анық ойға асқақ.

Шындық шіркін үзгенінше шідерді,

Өте шықты



Жылдар легі ойқастап.
Сол жылдарда
Ұлттық намыс қалғыған,
Көзін ашып,
Желтоқсанда салды ұран.
Қайрат, Ләззат тәуелсіздік құрбаны.
Уа, төңірім жарылғай гөр алдынан...
Осы тұста,
Тарих бетін ақтарып,
Ел есінде қалған мөңгі сақталып.
Жырға қосып батырлар мен хандарды,
Аруақтан алайын бір ақталып.
Аруақтан
алайын бір ақталып,
Ұлы есімдер
жатыр бүгін хатталып.
Арыстарын
Арыстандай айбарлы,
Ешқашанда көрген емес
Жат халық.
Тәуелсіз ел
Бабаларым мақтаным.
Сіздер жәйлі
Жүректен сыр ақтардым.
Рухтарың бізбен бірге қарсы алып,
Тұрғандайын тәуелсіздік ақ таңын.



I.

Ақ мешін.

Ақ мешіннің
Алапаты алқымынан алған ел,
Жұтықы жұт
Жұмырына шақ жұтылмай қалған ел.
Көктем шыға
Көкірек кере тыныстап,
Көңіл атты көк дөненге салған ер.
- Басы аманның малы түгел дескенді.
Жасымаңдар,
Өкси беріп өткенді.
Ағайындар ұстап қалған жүгенін,
Ақсақалдар
пәтуасын қош көрді.
- Биыл сірә
Хан жайлауға көшпеспіз,
Түйе қомнан
Теңімізді шешпеспіз.
Қымыз ішіп,
Қызбаланып қыр кезіп,
Бұрынғыдай қызық дәурен кешпеспіз.
Тәубә десіп,
Басың қосып жас, кәрі
Жасап жатты келер күнге жоспарды...
Тігер тұяқ қалса дағы шамалы,



Тіршіліктің табылғандай амалы.
Қарға тамыр
Қазекендер бір-біріне жәрдем қып,
Мейір, пейіл, соқты қырда самалы.
Ақ табан шұбырынды
Тұралаған
Дел-сал күйде күн кешіп,
Өлмеген жан тапқан тұста бір несіп.
Ақ мешіннің,
Аз болғандай азабы,
Қырға қырсық
Жетті тағы тіркесіп...
Іле, Балқаш, Алтай, Еміл, Көкталға
Бағыт алған жоңғар қолы тоқтарма.
Нұра, Шелек, Ыстық көл мен Шу бойы,
Аза тұтып, арыстарын жоқтауда.
Жетпіс мың қол
Жеті жақтан анталап,
Қызыл қанға шомылғанда сан тарап,
Туы иіліп қазағыңның қаралы,
Шаңырағы қалды шаққа шалқалап.
Сол бір сәтте
Қасіретін қара өлеңмен ақтарған,
Халқым менің ер рухын сақтаған.
Гимні боп қалмақ мәңгі «Елім-ай»,
Гимні боп шұбырынды ақтабан.



II.

Қасқыр тартқан қойдайын
жұлмаланған
Көш келеді
Өтсек деп, Сырдан аман...
- Ерлер қайда кешегі ел қорғаған.
Айдан аман өткерген,
Жылдан аман
Бірі қалмай дүние - ай қырылды ма?
Жанын күйттеп,
сырт беріп, сырылды ма?
Ел еңсесін мұнан соң тіктерме екен,
Құлайма өлде мәңгілік құрыдымға?
Осы сауал
Жан жүректі тербеген.
Тірі жанға, сіре тыным бермеген.
Ой қажытып, сүйреген жұрт сұлдерін
Қарсы жортқан жоңғар қолын
көрмеген.
Қылыштарын
Қынабынан суырып,
Жер апшысын
Ө - дегенше қуырып,
Келе жатқан жоңғарларды көргенде
Жайдай жайпап
Кетеді-ау деп әп сәтте,



Жүрек шіркін сала берген суынып.
Өз иманын
Өздері айтып сиынып,
Жоңғарларға
Келе жатқан түйіліп,
Біреу алып айбалтасын,
Біреу ұстап шоқпарын,
Шыбын жаны кеткенінше қиылып.
Қарсылыққып
Өлмек еді беріспей,
Шаң көрінді
Осы сәтте тұстарынан теріскей.
Жауған жебе,
Жоңғарларға бұршақтай,
Қырып, жойып
Кетпесе де тегістей.
Біршамасын
Жер қаптырып берген еді жазасын,
Қамсыз елді
Қырып жойып алған әбден мазасын.
Жоңғар жағы күтпеген ет сірә да,
Шақ туарын торғайдайын тозатын.
Содан ба екен
Тастап майдан алаңын,
Қолтығына сіңіп кетті даланың.



Өрт боларын қайдан білсін мүскіндер,
Соңындағы сөнбей қалған шаланың...
Шағын жеңіс
Белеп жұртты шаттыққа,
Дес бермесін
Сездірген ет жат жұртқа.
Қанжығалы Бөгенбаймын-
Деген еді қол басы
Аттанарда
Жеңіс күні жолығайық шаттықта.

III.

ҚАНЖЫҒАЛЫ БӨГЕНБАЙ

Қарақұмда*
Құрылтай болғаны анық.
Сол құрылтай
Жайында толғанайық.
- Жоңғарларға бағынсақ жан
сақтармыз,
Қарсы шықсаң күн қараң болары анық.
Тамырыңа келмесе балта шапқың,
Көп кідірмей әй, қазақ жөнің тапқың.
Жат елдерге кетейік тарап-тарап,
Қалсын мына далада жоңғарлар-ақ

* 1710 жылы Қарақұмда бүкіл қазақ құрылтайы өтті.



- Жиналыңдар
Уақыт оздырмалық.
Тұрғанында таламай озбыр халық.
Дегенінде
Қадырбай жұртқа жар сап.
Жаугершілік
Заманнан қажып, шаршап,
Әлі кұрып, жүйкесі жұқарғандар
Уа, батырым, өзіңе еріп барсақ...
Дей бергенде
Қанжығалы Бөгенбайдың,
Естілген ет зілді үні.
- Қарашаға болып әман хан қорған
Шығармаппа ет шырмалғанда
Сан тордан.
Сол дәстүрдің
Қайда бүгін жалғасы
Хан иемнің алдын орап
Пысықай бір албасты,
Тарап, тарап кетейік деп алжасты.
Еріп мына сұмырайға су жүрек,
Кете барсаң жиһан кезіп тентіреп,
Болмақ саған елім менің кім тірек.
Халқымыздың
Қарға болса ардақ тұтар бұлбұлы,
Жабы болса дүлділі,



Қоян жүрек
Болса ханы, батыры,
Данасының шала болса
Ақылы
Халық сірә бола аларма Алдаспан.
Ата жаумен Арыстанша арбасып,
Жау жағасын жыртып өлген жармасып,
Бауырларда арман жоқ деп білемін.
Міне осылар, халқым сенің тірегің,
Сондай ұлық көп болса екен тілегім...
Батыр
Сөзін арнады енді жұртына:
- Жоңғарларға
бұйыртпаймыз мына байтақ даланы,
Деген жандар
Арманы асқақ, саналы,
Осы арада қалады.
Жан сауғалап
Дұшпанына бас иер
Сатқындардың
Жалтырасын табаны...
- Қатын мінез
Қашқындарға ермек кім
Нар тәуекел, ажал жетпей өлмеспін.
- Тұқымыңды тұздай құртса жоңғарлар
Айтшы кімнен көрмексің.



Бөгенбайдың сөзі өзіне
Уақытты алмаңдар,
Деп айғайға топ ішінде салғандар
Шыға берген жырылып...
Қарақұмның
Күңіреніп алабы,
Батырлардың
Жарқылдап жау-жарағы.
- Баста батыр,
Баста бізді жоңғарға
Деген тілек жаңғыртты сай-саланы.

IV.

Дәл осы сөт
Астындағы арғымағы ойқастап,
Бір кейуана кеткен еді сөз бастап.
- Әй, Қадырбай,
Іштен шыққан шұбар жылан сен едің,
Сені тапқан анаң мына мен едім.
Батырым-деп ардақ тұтты сені елің,
Сол еліңнің бір сенері сен едің
Сол сенімді
ақтай алмай шырағым,
Құрыдымға құладың
Жоңғар асып жоғалтқанша арыңды
Өз қолыммен құртайын сен залымды.



Қош құлыным
саған өмір сыйлаған
Анаң едім
Соным үшін қиналам.
Тағдыр шіркін
Неткен ғана сараң ет
Батыр жанға
Ерше өлуді қимаған.
Батыр едің
Бағы батпан карағым,
Шайқастарда
Жарқылдап жау жарағың
Тудырып ең Дұшпаныңа қара күн.
Қиын сәтте
Кеттің сатып еліңді.
Өз қолыңмен
Өзің қаздың көріңді, -
Деп Аналық - қолына алып қылышын...
Жалғызының
Тындырған ет тынысын.



АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ

Ордабасы
 Сан тараптан сансыз халық
 құйылған,
 Хандар, билер
 Байлар, бектер жиылған.
 Дін басылар бір аллаға сиынған,
 Бәрі осында жақсы менен жайсаңның.
 - Уа, халқым,
 Деп сөз бастады байсалды үн.
 Ұлың сенің құл болсам деп тумаған,
 Қызың сенің күң болам деп тумаған.
 Бойда қаның теңіздейін тулаған
 Үшкір жебең
 Үшқыр аттай зулаған.
 Жүректе арың
 Бойда жаның барында,
 Табаныңның
 астында деп біл-бұл ғалам.
 Жоңғарларға
 Жегі құртша тескізгенше өзекті,
 тентіретіп, тергізейік тезекті.
 Халық сол сәт
 Теңіздейін тербеліп,



Қаны тасып,
Шыға келген қайраттанып, ерленіп,
- Бас сардарға
Әбілқайырды ұсынам
Деген Қазбек
Көпшілік ел жөн көріп,
- Ия, сөт деп,
Ия, сөт деп, шыға келген шығандап,
Сабалақтың Абылайлап ұрандап
Жекпе-жекке
Шығар тұсы алда әлі
Осы арасын алғаның жөн бір аңдап.

VI.

ЖЕКПЕ ЖЕК

Шапырашты Наурызбайдың
От жалын боп шалқыған.
Шағы еді бұл
Жау Жасқанар даңқынан.
Аңырақай шайқасында
Торысына
ер салғызып, бір аллаға сиынған,
Қара құрым қалың қолдың,
Жаңғырығып дабысы,
Ер біткеннің



Қазан тектес бұрқ-сарқ қайнап намысы.
Басталуын
Ұлы шайқас күтулі,
Кімнің бүгін тік шалқымақ түтіні,
Кімнің бүгін быт-шыт болып бүтіні.
Шаңырағы мәңгілікке шайқалмақ
- Уа, тәңірім,
Ала көрме құтымды,
Сақта өзің
Қойдай момын жұртымды.
Деп бата қып,
Бір ақсақал Қыдыр баба пішінді
Наурызбайға
Торсығынан сусын құйып ұсынды.
Міне осы сәт
Жекпе-жек деп астындағы аты ойнап,
Шықты ортаға
Жоңғар батыр атойлап.
Шамал ханның
Өзі десті көрген жұрт,
Жекпе-жекте
Салған талай от-ойнақ.
Қамшы басты
Наурызбай да торыға,
Нәлет жоңғар кезіктің деп сорыңа.
Екі батыр жолбарыша арбасты,



Бірін-бірі түсірмек боп торына.
Қылыштары
Қарш-қарш ұрған майрылды,
Танытты ерлер батырға төн айбынды.
Бірін-бірі алпарысты ала-алмай,
Қара шаңнан
Тұтылғандай жер-жиһанның ай, күні.
Тұлпарлары
Найзадайын шаншылып,
Қыл үстінде
Дірілдеді қанша күдік, қанша үміт.
Шамалғанның
Қағып түсіп қалқанын,
Ес кеткенде, жан шығып
Ер Наурызбай
Көк сүңгіні көкірекке қадаған.
Қазақ біткен “кетейін деп садағаң”
Наурызбайға тізе қосып,
Жүнпе түтіп жоңғарды.
Төгілді сай саладан...
Қанға құмар
Жоңғар атты күшіген,
Қызыл гүлдей
Суық ұрып үсіген,
Сол соғыстан кейін сірә оңбады
Іріп-шіріп, тоз-тоз болып ішінен...



Аңырақай
Сағасы ұлы Іленің
Соңғы шайқас өзінде өтті білемін,
Сол шайқаста қабыл болған тілегің,
Баба сенің бірге соғып тұр қазір,
Ұрпағың мен елді сүйген жүрегің.

VII. ТҮЙІН

Тәуелсіз ел
Қазақстан әлем сені таныған,
Мен өзіңді артық көрсем жанымнан.
Бабалардан қалған үлгі деп білгін,
Үміт күткен әр арайлы таңынан.
Келер күннен
Өсте үмітін үзбеген,
Ұлт, ұлыспен араласып жүздеген.
Бауыр болып
Бауырласып туысқан
Дарқан халық
Екенбіз гой біз деген
Содан соңда
Ұлт аралық келісім
Өмірімнің сездірмеді кемісін.
Жанжал шығып



Өзге елдерде жатқанда
Сол келісім
берді өзінің жемісін.
Көк байрағым
Желбіреген желменен,
Қыран далам
Көкке қанат сермеген,
Тәуелсіздік
Жылдарында жаңғырған,
Салт-сананы
Қояр едім төрге мен.
Ауыр жылдар
Қажымаған талмаған,
Қыран көңіл қияларға самғаған,
Қазақ деген
Қажыр екен қайнаған,
Тұлпардайын
Шабысынан таңбаған.
Сол халықты
жолға салып таңдаған,
Игілікке қол жеткізген сандаған
Ел ардағы Нұрсұлтанның
Өрлігіне,
Ерлігіне таң қалам.



МАЛАЙСАРЫ БАТЫРДЫҢ СОҢҒЫ ӘЗІЛІ

(Аңыз)

I.

Тал бесігің тербелген,
Дала - төсі кең байтақ.
Кенде емес ет ерлерден.
Шаңырағын сан шайқап

Тигенде келіп түмен қол,
Ерлікпенен қорғаған.
Есімдерін біледі ел
Аңыз еткен, арнап ән.

Малайсары соның-бір еді,
Біз туған жердің түлегі.
Халқының қорған, тірегі,
Батырдың бағлан дүрі еді.

Сүйетін байтақ даласын,
Даладай дархан жүрегі.
Ардақтап қазақ баласын,
Шығармас естен бір елі.

Халқының салт пен санасын,
Үлкенге іні, кішіге



Аямаған панасын
Өзім деген кісіге.

Кесіп берер қоң етін,
Мырза болған, кең болған.
Тәңірге шексіз сенетін.
Өзілі мен қалжыңы
Жаралыға ем болған.
Дәулет те бар ет билікте, -
Десетін қарттар шешіліп.
Шақырған елді бірлікке,
Көсем дер ет көсіліп.
Қарттардың сөзі шындықты,
Шежіре де жоққа шығармас.
Сұрапыл заман сұмдықты,
Құрын да, сүргін қарбалас.

II.

Шағында тауы шағылған,
Жұттан соң жұтан тірлікті.
Бүйірден дабыл қағылған,
Сәтінде қазақ дүрлікті.
Өртеніп ауыл, қан құсып,
Талықсып жатты дала бар.
Түңілген жаннан бүк түсіп,
Батагөй-дана бабалар.



Көтеріп басты сөтке бір,
Серкедей топты бастаған.
Ілбіген халық-байтақ қыр,
Жан жоқ ет жаудан қашпаған.
«Қашқан жауға қатын ер»,
Дегеннің кері келді анық.
Жойдаусыз жоңғар бөрілер
Талады жұртты топтанып.

Қан сасып жатты қыр төсі,
Ашылып ажал араны,
Жия алмай қашқан жұрт есін,
Арыстандай жаралы.
Жауына қайрат қыла алмай,
Жерінен туған безінген.
Қырғанда жоңғар қынадай,
Әлсіздігін сезінген.

Өкшелей қуған жоңғардың,
Анық ет мысы басқаны.
Тітіркеніп төсі жондардың,
Бұлт басқан теңбіл аспаны.
Селдете төгіп көз жасын,
Жел өкпе желде тынбаған.
Нешара дәурен озғансын.
Шұбырған жұрттың мыңдаған.



Қайраған тісін жауына,
Жоқ еді қылар шарасы,
Іліккенде Малай тауына
Үркердей еді қарасы...

III.

Ілбіген баяу сайды өрлеп,
Жауынға, желге қарамай.
Ізіне түскен төтелеп,
Жоңғарлар қуып бір талай.

Қылышты қыннан суырып,
Өрекіп, өрттей қаулаған.
Апшысын жердің қуырып,
Арғымақтар оқтай зулаған.

Қорғансыз жаяу жандарды,
Жапырып, таптап кетерет.
Аңырай ұшқан аңғардан
Кетпесе жебе төпелеп.

Талайы ерден жұлынып,
Қас-қағым сәтте оққа ұшқан.
Қашқандар кері бұрылып,
Жауған ет жебе тұс-тұстан...



Бірі бұл қанды майданның,
Малайсары даңқын шығарған.
Қорғаған ауыл, аймағын,
Жорықта жойқын сыналған.

Ерлігін ел таныған,
Халқының болған тірегі,
Абылайдың жанынан,
Табылған ердің бірі еді.
Күйретіп сан қамалды,
Шығарған талқан-табырын.
Тығырықта тапқан амалы,
Сан жойды жаудың тамырын.

IV.

Қоршауды бұзып талқандап,
Сарбаздарына жол ашқан.
Жүретін кеше алшаңдап,
Айрылған талай жолдастан.

Айрылған талай сырластан,
Қалың ет дұшпан қарасы...
Алаулап жанып, тұрды аспан.
Қара шаң жер, көк арасы.



Шайқастың қызған тұсында,
Танытқан бұлар басымдық.
Батыры найза ұшында,
Шырқырағанын көріп, шашылып.
Жоңғарлар кері серпілген,
Ат қойған бұлар соңынан
Қайтпайтын ерлер бетінен,
Тұрғанда желі оңынан.
Басқан ет атқа қамшыны,
Боратып қардай жебені.
Тосқауылдан жаудың жансызы,
Жоңғарды қашқан жебеді.
Атылған мылтық өр жерден,
Жержара үні тосыннан.
Малайсарыны сұр мерген.
- Құтылмассың-деп осыдан.
Көздеген жүрек тұсынан,
(сақтады білем тәңірі).
Ок тиіп сәтте қысылған.
- Қайтыңдар, - деген өмірі.

Сарбаздар есін жидырған,
Батырын көріп жаралы.
- Жолыңа Сардар біз құрбан,
Табылар болса амалы.



Күйінген көптің үнінен,
Күңіреніп тұрды төңірек.
Күнімен, сол күн түнімен.
Егілді жұрты еңіреп...

Шақырды біреу тәуіпті,
тоқтатып қанды кеткен көп.
- Жол жүру қазір қауыпты,
Қарағанша беті бері, - деп,
Оңаша шатыр тіктіріп,
Емдеді батыр жарасын,
Күні-түні бірі үшкіріп,
Шаңдатып жер, көк арасын.
Зікір сап бірі сарнады,
Жазамын мұны мен деді...
Абылайхан келіп арнайы,
Шатырға сол ет енгені.
Есін жиып бір уақ,
Айнала батыр қарады,
Денесі күйіп, шокқа ұксап,
Күлімдеп отты жанары.
Абылайханды жазбай таныды,
Топты жанның ішінен.
- Жалғанның мынау жарығы,
Алланың сыйы түсінем.
Сол сыйын Алла өзі алмақ,



Таусылды білем сызығым.
Аждаһа ажал көз алдап,
Қыздай-ақ сынық сызылған.
Батырды біздей бас салып,
Ала-алмасын түсінген.
Жасаурап көзі жасқанып,
Сығалап қаптың ішінен.*
Асырып айла-амалын.
Оқымнан шығып, солымнан.
Күйреткен жоңғар қамалын
Айырды ақыр қолымнан.

Сонан соң мысық табандап,
Жуықтап, бірде жырақтап.
Алмаққа келді жанды арбап,
Кім қалмақ мәңгі тұрақтап.

Хан ием жердің бетінде, -
Дегені болсын ажалдың.
Рұқсат ет еріп кетуге,
Соңынан анау тажалдың.

* Ел аузындағы аңызға қарағанда Малайсарының аспаздары тәуіптердің сұр ет бермеңдер дегеніне қарамастан, қапқа салынған қазыны асқа пайдаланған. Бұл батырдың дертінің асқынуына себеп болғанға ұқсайды.



Дегенде ханның, қараның,
Жылыпты сұсты жүздері...
Сан ғасыр салып араға
Сол аңыз тапты біздерді.

Бұл аңыз ерлік айғағы,
Батырдан бізге тәбәрік.
Ажалды да жайдары.
Қарсы алар ерлер бары анық.



АШТЫҚ-АЗАП ТАЛАЙЛАРДЫ ЖАЛМАДЫ

АР СОТЫ АЛДЫНДА

(Баллада)

Теңіздей тербелген астықты алқапқа көз тіге тұрып осы өңірде 1931-32 жылдары аштық болып талайлар көмусіз қалған дегенге сену де қиын.

Бұл алайда тотолитарлық жүйенің бұғаудың шеңгелінде жатқан қазақ қырының бұлтартпас өмір шындығы еді.

Аштық азап
Ақыры жеңгені ме.
Жүріп кетпек алдағы сенгені не?
Жүріп кетпек
Қалдырып бәрін, бәрін.
Әйелі мен бөбегі - Ынтызарын,
Ынтызарын...
Жұтады-ау ажал залым...
Қармау керек көз жұмбай тірлік талын.
Жанбай жатып қалайша сөнеді бұл,
Аузынан шағында төгер жалын.
Шақ емес пе
Өрлейтін өмір төрге.
Өз еркімен



Қалайша кірмек көрге.
Үзілмесе тірліктің нәзік жібі,
Өмір мұны гүлдентіп, көгертер де.
«Қатын жолда» деуші еді «бала белде»,
Аштан өлмек

асы бар жетпесе елге.

Бір таба нан

Осы үйдің соңғы дәмі,
Дастарқанға оралулы жатыр жерде,
Қолтығына сол нанды қысып алып;
(Қара көрер сезінді күшін анық)
Әйелі мен ұлына қош деді бұл,
- Таңдамақшар күнінде ұшыралық.
- Мен қалайын
Тастама ұрпағыңды.
Деп әйелі шырылдап көп жалынды.
Сол бір сәтте тоқтатар күш жоқ еді.
Тілек жоқ ед тоқтатар көкжалыңды.
Жалғыз мүде санасын меңдеді анық,
Елге жетсе жығылмай естен танып,
Табады өлі әйелдің көкесін бұл,
Бала сүйед

күні ертең болад қарық.
Осы ой мен артына бұрылмады,
Ынтызары әкелеп шырылдады.
Соңғы таба нанды да бұл әкетті,



Анық еді аштықтан құтылары.
Әйелі мен баладан күдер үзіп,
Тоқ ел жаққа жөнелді ол бетін түзеп.
Аштық артта біртіндеп қала берді,
Қол бұлғады алдынан өмір қызық.
Қилы-қилы тардырды бастан кешіп,
Бас та емес
Емес ол аяқта да,
Ел қатарлы жүретін тірлік кешіп
Әйел алған

Түзеген шаңырағын,
Тек үйінен шықпады жамырап үн.
Сөби даусын армандап інгөлаған,
Шаңырақтың сезеді ол қаңыраарын.
Келіп жетті ақыры сексен міне,
Есеп бар ғой өткен жыл, көшкен күнге.
Өкінбейді қарттықтың келгеніне,
Тек өлімнен ет жүрек сескенуде,
Сескенуде.

Ажалмен алысуда,
Күрсінеді кеткендей салы суға.
- Мен қалайын тастама ұрпағыңды
Қайдан жетті таныс үн
таныс тұлға.

Бұған қолын созады, жалынады,
Құлағына жетеді талып жөне.



Сәби даусы әкелеп шырылдаған,
- Бұлар қайтп, төңірім-ау қырылмаған,
қырылмаған...

Шал кенет шошынады
Олар мені жүр екен тосып әлі.
Жанарынан ыстық жас жосылады,
«Айыптымын» дейді де тосылады.
Айыбын ол сол сәтте сезінеді,
Өмірінен өткерген безінеді.
Қылмысы үшін жасаған зар заманда,
Түсіп жатты ол
өмір сот тезіне енді.



СОҒЫС ӨРТІ ҚАЙ ШАҢЫРАҚТЫ ШАЛМАДЫ

БАРЛАУШЫ

(Баллада)

*Солтанбек Байзбаевқа**

- **Т**іл керек-деді комбат қысқа сөйлеп,
Кім барат екі қадам шықсын алға.
Саптағы жауынгерлер қанды көйлек,
Десетін «ұрыс барда, тұрыс» бар ма?
Сол сәтте бірі қалмай алға басқан,
Білдіріп ерлік, жігер қайраттарын.
Бетпе-бет ажал мен сан ұшырасқан.
Танытып зұлым жауға айбаттарын.
- Айбынды Қырандарын шолып көзбен,
Комбат тұр
Толқығанын жасыра алмай,
Отан үшін
От кешіп, жаннан безген.
Болар-ақ ердің ері осылардай.
Сезеді ол
Бәрінің сау оралмасын.

* Солтанбек Байзбаев соғыс және еңбек ардагері.
Красноармейка ауылдының тұрғыны.



Ерлікпен Отан үшін көз жұмарын,
«Тіл» алу шепті жарып оларға сын,
Біледі ол аямасын ерлер күшін.
Сонда да қайталаудан бір тынбаған,
«Тіл керек

Жаудың сырын ашатұғын...»

Таяу кеп

Алғы шепке тың тыңдаған,

Барлаушы «тіл» алушы

Алтаутұғын.

Солардың командирі

Жерлес бізбен.

Көдімгі

Қара қазақ қыр баласы.

Телміріп

Түн түндігін көзбен сүзген.

- Шеткі үйге

Сыбыр етті, - деп қарашы,

Шам жанып,

Патефоннан ән төгілген,

Өлдилеп

Әсем өуен сол маңайды,

Шағында

Қан төгіліп жұрт егілген..



Жүрегін
Барлаушылар жаралады.

- Селоны сырт жағынан қоршауға алып,
Күтіндер, -
Деп бұйырды бізден белгі
Төртеуі
Еңбектеді бұйрықты алып,
Пысықтап
Кездесетін топ пен жерді.
Екеуі үйге қарай еңбектеді.
«Тіл» алмақ сол арадан сәті түссе.
Жарқырап
Жүре берді жер, көк тегі.
Опыр-ау,
Мына жарық өң бе, түс пе

Дегенше
Мотоцикл атып шыққан,
Самсаған қалың ағаш арасынан.

Бұйрығын
Командирдің айтпай ұққан,
Сәтінде өте берген дәл қасынан.

Жүргізуші фашисті оққа байлап,
Атқанда
Мотоцикл аунап түскен.



Тірісі жер тырмалап жатты ойбайлап,
Жауызды
Жұлып алып тепті де іштен.

Тыға сап
Ауызына шүберекті
Сүйрелеп
Ен тоғайға кеткен қойып,
Жарылыс дүр сілкінтіп төңіректі,
Жіберді сан фашистің көзін жойып.
Жау жағы
Болып жатты астан-кестен,
Қоршауда қалдық па деп дүрлігулі,
Сақтықты үрей билеп шығарды естен.
Айғай-шу
Сала берген атыс үдеп.
Бұл сәтте
Шыққан екеу тұтқынды алып,
Селодан
Қозы көшке жырақтаған.
Сүйрелеп сұм фашисті қары-талып,
Тіреген
Кездесетін жерге табан.
...Штабқа
«Тілді» әкеліп табыс еткен,
Сәтінде



Түн түріліп сала берген
- Дем ал деп -
Комбат бұған бұйырды өктем,
Тұтқынды тергеуге алған салған жер-
ден.
Тыншымай
Жанжүрегі бермей тыным,
Сарылып достарынан хабар күткен.
- Ерлік пен есіл ерлер болды қаза,
Дегенде
Сене алмаған алғаш тіптен.
Сонан соң
Көз жасына берген ерік,
Жоқтаған, жайсаң жанды жан доста-
рын.
Сан жылдар санасына болған серік,
Қимайды ол қанды көйлек жолдаста-
рын.
Сексеннің
Шықсадағы сеңгіріне,
Барлаушы жорық жолын ұмытпаған.
Тәнтiмiз аға-ұрпақтың ерлігіне
Фашисті туған жерге жуытпаған.



ҚАШҚЫН

(Баллада)

Ызғырық жел тияр емес өксігін,
Күн артынан дәл осылай көшті күн.
Ертең бөлкім ауа райы түзелер,
Деген үміт көкіректе өшті мың.
Қашқын жаны күннен-күнге кешті мұң,
Осы шығар көзге үйелер көк шыбын.
Дірдек қағып қара түнде қаңғыған,
Кімге керек амандығым,

тоқтығым.

Өз ойынан өзі шошып дір етіп,
Асылыққа жазба, тәңірім,

шыр етіп,

Кіндік кескен әр пенденің арманы,
Бұл өмірде шалқып өтсең жыр етіп.
Кейінгілер айтып жүрер естіген,
Алшаң бассаң, қатарыңмен,

естімен...

Ат құлағын қайшылайды пысқырып,
Жолаушы да ой тізгінін теткіген.
Қара түнмен ойнағандай тығылмақ,
Үрей шіркін жан жүрегін сығымдап,



Өне-бойы жапырақтай қалтырап,
Таятындай мына бастан бүгін бақ.
Таятындай таппастан түк тиянақ.
Өмір өрге шықпақ еді қиялап,
Адам деген адал атын күйелеп,
Жасады ма өміріне қиянат.
Қашқын деген қара күйе жағылып,
Жортумен жүр қыр төсінде сабылып.
Аш қасқырдай ауыл шапты баспалап,
Қара түнді перде қылып жамылып.
Алдырғандар аузындағы ырысын,
- Бітсін, - деді қанды майдан, ұлы сын.
Фашистерді жеңгенде ерлер талқандап.
Тарылтар-ақ, зұлымның да тынысын.
Бұл сөздерді ол күле тыңдап қыңбаған,
Серік дейтін айсыз қара түн маған...
Көрінгісі келгенімен айбатты,
Жүрек шіркін дір етуден тынбаған.
Қорқатын ол, қорқатын ол өлімнен,
Қорқыныштан санасы сан бөлінген,
Сонан соң да соғыс шыққан сәтінде,
Дей алмады, не көрсем де еліммен.
Содан бері тұрақ тапнай жүр қашып,
Кісі көрсе кете беред қырды асып.



Ит қорлықпен ұйқы қанбай, сұр қашып,
Өзір тірі, қара жерді жүр басып.
Өзір тірі, қара жерді жүр басып,
Ұзақты күн жүз шыйрығып,
жүз жасып.

Бұл күндерде тірі жанға зәру ол,
Мұң шағатын шерін қозғап, сырласып,
Айтар еді ол жанарына мұң тұнып,
Қажет болса дір-дір етіп жұлқынып.
- Өлгім келмейді, етсемдағы
кұлшылық,
Өлгім келмейді

кешем тірлік құлпырып.

- Отан үшін үзген өмір гүлдерін,
Оларды ма, оларды ма, білмедім.
Боздақ дейсің, батыр дейсің, болайын,
Есуастар,
өз пікірім , бұл менің.

Жауған оққа

жанған отқа кірген не,

Асығу ма,

таласу ма бір көрге.

Ойхой, шіркін, түсінгенге жетер не,
Тіршілікте бір күн өмір сүргенге.



Кейде күдік көкірегін меңдеген,
Ардың үні-ау әлі жағы сенбеген.
Қыран емес, құртымдай-ақ құртсың сен,
Қорек еткен күл-қоқырмен, көңменен.
Қыран тектес кезбейсің сен қияны,
Сендейлердің көп еліне зияны.
Ажал сенен қалар деме адасып,
Өлім құрты қолқанды әлі қияды.
Жоқ, жоқ, деген өз үнінен шошынып,
Қалғандай ед жалғыз сөтке тосылып.
Абалалаған иттің дауысы алыстан,
Талып жетті

жүріп кетті жосылтып...

Жапан, дала, жалғыз күрке
үскірік,

Кәрі төбет абалайды қыстығып.
Күрке ішінде қарт ана мен жас бала,
Тымауратқан салқын тиіп, түшкіріп,
Күрке алдында отар саулық жусаған,
- Ит үреді, шығалық жүр, Мұсажан,
Деді ана аяққа іліп кебісін.
- Арылар күн туар ма екен құсадан.
Мылтығыңды қарашығым ала шық,
Кәрі төбет кетті неге әрі асып.



Шабаланып тегін емес үргені,
Қасқыр торып осы маңды жүр тегі.
Осылайша ана жүрек толғанып,
Құс мылтығын оқтап жатты қолға алып.
Естігенде иттің дауысын елеңдеп,
Деген қашқын
Жолды тәңірім жібер өзің оңғарып.
Жортсадағы ой-жыраны сағалап,
Ит соңынан қалар емес абалап,
Сойқан тірлік құрған мәңгі тұзағын,
Тұрғаны ма сақ-сақ күліп табалап.
Тұрғаны ма мазақ етіп, табалап.
Аш қарынға ораза ашар табар-ақ,
Көлеңкедей соңына ерген бұл қырсық,
Қалар ма екен мына иттей сабалақ.
Көкірегін қарс айыра күрсініп,
Жүрген көңілі сап басылды дүрсініп,
Тісін қайрап күңгіреве күйзеліп,
- Шәуілдеуін, жақ жаппастан
қырсығын.
Қамшыменен жіберді итті осып-ақ,
Ит қыңсылап жөнөп берген
осы уақ.
Қасқыр деген суық ойдан жүрегі,



Кеткен еді қарт ананың шошып-ақ.
Қасқыр малды кетер ме екен қырып-ақ,
О, тәңірі, тұрғаның ба қырыңа ап.
Қарт ананың дір-дір еткен саусағы,
Ақыры тапты шүріппені бір уақ.
Қара түнді қақ айырып гүрс етіп,
Атылды оқ

кадалды ма кірші етіп.

Тәңірім-ай, жансақ естіп тұр ма бұл.
Құлаған кім «өлдім-ау» деп, гүрс етіп...
Сұлап жатқан қарсы алдында дене ме?
Шынымен

Мен аттым ба, е, неге?

Қорыққаннан қос көрінді-ау көзіме,
Көрмеген жан бұл сөзіме сене ме?
Ана осылай өзін-өзі тергеген,
(Қорлығы да қалмады енді көрмеген)
Аш мойынға тұзақ түсер тұсында,
Қиянатқа әділ жандар бермеген...
Ерлік, ездік қос бұтағы тірліктің,
Бірге жасап келед қара жерменен.
Ерлік ердің еншісіне тән қылық,
Ез өлмекші сын сағатта қаңғырып.
Ер есімі ел туындай желбіреп,



Жадымызда мәңгі жасар жаңғырып...
Басы ашығы ерлік елдің өркені,
Өткені ол

бүгінгісі,
ертеңі.

Қалғымасын ер азамат намысы,
Деген оймен

Ақының сыр шертеді.

... Тағдыр шіркін

біреулерге ерлік өмір сыйлаған.

Без біреуге сараңдық қып,

Ерше өлуді қимаған.

«Жазмыштан озмыш жоқ» деген бар,

Неге бұлай

Жауап таппай қиналам.



ҚҰТҚАРАМ СЕНІ

(әнге арналған)

Оранып отқа
Орманы байтақ даласы,
Айналды күлге әпсәтте
Берлин қаласы.
Алаулап жанған
Үйлердің сонау бірінде
Шырылдап жатты,
Шырылдап жатты,
Немістің сәби баласы.

Қайырмасы:

Жанымды жеді-ау,
Жанымды жеді-ау
шырылың
Сәл сабыр қылшы
Сәл сабыр қылшы
құлыным
Құтқарам сені,
Құтқарам
Ажалдан жан ем,
Ажалдан жан ем
Ықпаған,
Құтқарам.



Шарпыған өрттің
Елемей жалын алауын,
Шырылдап шыққан
Дауысына қарай баланың.
Жүгірді сарбаз,
Жүгірді сарбаз
Қолына алып жүрегін
Қыраны байтақ
Біз туған мына даланың.

Қайырмасы.

Қолқаны атқан көк түтін
Тыныс тарылған,
Жасаурап жанар,
Қолдары отқа қарылған,
Гүрс етіп құлап
Төбенің бір бөлігі
Лаулаған үсті
Құлаған сол бір жалыннан.
Шықса да есі шегінбей алға ұмтылған.
Сап болып бір сәт үн тынған.



Қайырмасы.

Қарманып жүріп,
Сәбиді тапқан ораулы.
Сәтінде қуат, қайраты
Қайта оралды.
Бөбекті аман ап шыққан
Оттан сол сарбаз
Оралмай қалды
Оралмай қалды
Арқаға мәңгі боранды.



ТӘУЕЛСІЗДІК СЕНІМІМДІ МӘНГІЛІККЕ ЖАЛҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН - МӘНГІЛІК МАҚТАНЫШЫМ

I.

Қазақпыз аламанда қаны қызған,
Қыранды темір қанат алған құздан.
Біздерге қызбалық та, ерлік те төн,
Қаншама тағдыр өтті тайғақ мұздан.
Тайғанап табанымыз құладық сан,
Төңірге нала қылып, жыладық сан.
Ілбіген тарих көшке ілескен ел,
Өманда көз ашпаған құрбандықтан.
Тағы да зор таңдаудың тұрды алдында,
Асылын адамзаттың құрбанына
Шалудан тайынбаған Кеңес елі,
Талықсып, әлі құрып тырбануда.
Ұзақ жыл шыбындайын келген жасқап,
Бәсеңсіп коммунизм ұраны асқақ.
Жүйріктей суырылған аламанда,
Егемен елдер тобы шықты ойқастап.



Бұл топта Қазақстан жоғы анық,
Ділмәрлар зарлап кетті, жағын жанып.
Біз сорлы көш соңында қалдық тағы,
Басқа елдер егемендік жатқанда алып.

Осы сәт өсек-аяң кетті қаулап,
«Одақтан іргемізді салып аулақ,
Қол үзсек Ресейден бүгін біздер,
Күні ертең алады екен басқа ел жаулап».

Деген еді көке мылжың жұртты жиып,
Сөйледі екіленіп, қабақ түйіп.
Кей қызба құя түсті отқа майды,
Жанығып өз-өзінен жаны күйіп.

Көк езу сөзуарым аңдамады,
Жүргенін бақ айналып маң даланы.
Арайлап атты ақыры егемен таң,
Асқақтап бабалардың арман әні.

...Тұсында егемендік алған елім,
Бүгілген сан ғасырлар жазып белін.
Қан жұтып ата-бабам қаталаған,
Кәусардан буырқанған қансын шөлім.



II.

Шайынып бодандықтан жұққан шаңнан,
Бойыма қуат алдым арай таңнан.
Көк Түрік егемен ел Қазақстан,
Дегенде «жарылқады дедім Аллам».

Аузыма Алла өзі салды бөлкім,
Дей бердім, «жаса, гүлден, қайран
халқым»

Кешікпей егемендік еншісіндей,
Оралды ана тілім, ата салтым.
Оралды ең бастысы дінім қайтып,
Жүрсек те ертелі-кеш Алланы айтып.
Мешітке зәру едік, Алла үйіне,
Көкке өрлеп күмбезіне ілген айшық.

Тұр бүгін көрік беріп ауылыма,*
Қызмет қып хақ мұсылман бауырыма.
Тұрғызған бұл мешітті ғалымдарға,
Ақ алғыс айтып жатыр қауым мына.

* Красноармейкадағы мешітті академик М.Ө. Әлиев, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор К.К. Абдуллаев мырзалар салғызған.



III.

...Ұққың келсе ұлтыңның ұлылығын
Шежіреңе шаң басқан үңіл, ұлым.
Сан ғасырлар талықсып тілсіз жатқан,
Сырып ашып, сыр көмбе шымылдығын.

Шежіреңді ерінбей парақтағын,
«Тәуба» дегін ісіне жаратқанның.
Он бесінші ғасырда ұлт боп ұйып,
Өз Жәкеңнің аузына қаратқан күн.

Жазираңа ел жортқан, асқар белді,
Қасқыр мінез, қасақы қастар келді.
Қырды қанға бояған жат жерліктің,
Бағы тайып басынан, сынды белі.
Қазақ елін сенделткен Қалдан Серен,
Жоңғардың ханы батыр болған ерен.
Сол ханды тоз-тоз еткен Абылайдың
Тарихта қазақ үшін еңбегі ерен.

«Қалдан менен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп.
Сондағы жолдас адамдар,
Қаракерей Қабанбай,



Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақ ұлы Жәнібек»

Ұрыста бірге болған Бұқар бабаң,
Ерлігін батырлардың жырлапты әман.
Қанды қырғын ішінде,
Дем беріп қазақ күшіне.
Күн ұзақ аттан түспеген,
Мезгілімен бел шешіп,
Жарытып тамақ ішпеген.

Жауынгер жырау ханына,
Батыра сөйлеп жанына.
- Еліңе жаулық сағынба, -
Дегені жұрттың жадында.

Парасаты Бұқардың
Биік еді талайдақ.
От шарпыған дүние,
Әлем атты шарайнақ.
Осы сөзді бұл күнде сәл өзгеше қайталар,
Кім болғанын бабаңның осыдан-ақ
абайла.



IV.

...Сағынайдың асында Құлагерді
сұлатқан,
Қазақ сорлы аяулы өнші Ақанды
жылатқан.
Сарыарқаның аспанын,
Жарылғапберді әні жаңғыртып,
Мың құбылған сазды үні кетпей қойған
құлақтан.

Өнші даңқы жер жарып, шыға келді
шығандап.
Сағынайдың жесірі қалса керек мұны
аңдап,
Ас тарқарда шақырта жіберіпті өншіні.
- Жарылғапберді кетсін деп көңлімді
бір аулап.
Бұл кемпірдің жұрт біткен қорқатын-ды
сұғынан.
Аңдап басып өтетін, елеусіздеу ығынан.
Осыны айтып әркімдер Жарылғапты
тежемек.
- Қайда қашып кұтылам тәңірінің оғынан,



Деп күліпті әнші жай.
- Ордасына бастағын,
Сәлден кейін шымырлап, шарықтаған
асқақ үн,
Қақ жарғандай әуелеп,
Ерейменнің аспанын.

«Ой, Ардақ»
Күрсіндірсе ғашықтарды,
«Шама» мен өз шамасын ашып салды,
Басты ма аруағы Жарылғаптың,
Әншімен қоштасуға асыққаны.
Таң болған өзге түгіл өзіне де,
Опыр-ау бұлдырайды көзі неге?
Талайды қыршынынан қиып түскен,
Сұқты көз бір пәлеге кезіге ме?

Жанарын қадай алмай Жарылғапқа,
Деп қойды «біз мүскінді тәңірім сақта».
- Жарығым, әнің әсем дәулет бітер,
Шашылмай күлің қалар жер ошақта.
Депті де бата берген қолын жайып,
Емес пе тәңір ісі таңғажайып.



Әншінің өзі өлсе де өні өлмеді,
Шырқады ел бір қуанып, бір мұңайып.
...Өлсе-дағы Тәңір берген қасиеті
таймаған,
Оңбай қалған талайлар Мәшһүр-отпен
ойнаған.
Олар жайлы сөз етуден аулақпын,
Маза бермей жүрген мына жай маған.

Жыр жолына тұрғандайын сұранып,
Шежіресін ұлтымыздың кеткен бізге
мұрағып.

Сол Мәшекең сезді ме екен шалалардың
күні ертең
«Шежіреші мына мен» деп кеуде қағып
шығарын.

Кім біліпті, айтқаны оның алайда,
Осы бір сөз үлгі-нұсқа болған, болар өлі
талайға.

«Арғыннан әрі барсаң адасасың,
Ми жетпес көп дүниеге шатасасың,
Ол кезде мен де жоқпын, сен де жоқсың,
Несіне шежіреге таласасың».



Мәшекеңнің осы сөзін шығарғандар есінен,
Білгірсініп, жоқты көкіп көсілген.
Шежіресін быт-шыт қылған халықтың,
Ойлай ма екен
Даңқым шығып, артады деп несібем.
Даңққұмар, даңғаза жан абайла,
Обал, сауап барлығын да ал ойға.
Мәшекеңе мені менен сен түгіл,
Ұлтымыздың Ұлық ұлы ден қойыпты
Абай да...

Руласын өзін-өзі аспандата мақтаған,
Қоламтадан күлге айналған шоқ табам.
Деген оймен өзге руға күл шашқан,
Әулекі ойлы, өңгүдіктен аулағырақ
қаш балам.

...Осындай бабалардан аңыз қалған,
(Сөз ұғар жандар үшін тәтті балдан).
Сөз ұқпас кежір Кеңес белсендісі,
Айырған Жүсіпбектей арыстардан.
Ал, Жүсіпбек -
Мәшекеңнің үміт артқан інісі,
Жазушы еді ол, даладай кең тынысы.



Көңілін сұрай іздеп келген Сұлтанды,
Тарих үшін тарту болды-ау бұл ісі.
Жалын жырын ала кетіп бастырған,
Ақын жыры халқы үшін ашынған.
Ұрпақтарға мұра болып қалмас па ед,
Көз жазар ма ек, Сұлтанмахмұт асылдан...
Жүсіпбектің қайсарлығы, қайраты,
Арыстандай адуынды айбаты.
Дұшпанының дірілдетіп тізесін,
Қару қылып қаралаған ғайбаты.
Сұқсырлардың жаласына жасымай,
Таңқалдырып тіреген сан тұйыққа.
Камерадан шықты дейді басып жай,
- Жау мен емес, сендер деген сөзі анық.
Тілген болар сұқсұрлардың өзегін.
Асқақ рухы тәуелсіз ел көгінде
Ақша бұлт боп қалықтап жүр сеземін.

Жұлдыз тектес ұлтыңның ұлыларын,
Танып, білгің келсе егер ұлы мөнін.
ПМУ-дағы соққайсың мұражайға.
Шуағынан төгілген шұғыланың,
Күңгірт жайлар көмескі күні кеше,
Ашып сырын



Қайтыпты кеткен есе
Қазақ деген халқыңның қаймақтарын,
Сол мұражай тұрады салып еске.
Құдық қазып дария тұрған жерде,
Көрінгенім жөн болмас күлкілі елге.
Мұражайда қалдырып сені балам,
Аттың басын бұрайын сары белге.

V.

Сары белдің - Сарыарқа аталатын,
Алты Алашқа шығарды атом атын.
Бейбіт өмір береке желеуімен,
Ұлы қуат сан рет сыналды атом.
- Атом деген - Отанның қуат күші,
Жалпақ жұртқа беймәлім түрі-түсі.
Жауыңнан сақтайтын халықты осы,
Деп көкісе әлдебір білгір «кісі».
Шыбындаған бас шұлғып жылқыдайын,
Атом-елдің ырысы дедік дәйім.
Сан қырсықтан аман-сау қалған елді,
Ұлы апаттан сақтапты-ау бір Құдайым.
...Полигон екендігін жабық жара,
Елге батып айта алды Олжас қана.
- Секілді Қазақстан жер ұйығы,



Дейтіндер, - дала дертін білді жаңа.
Генерал, саясаткер, Одақшылдар,
Жасырған құпиясы он сан жылдар.
Әлемге бір-ақ сәтте жария боп,
У жеген қасқырдайын сұқсыр сұмдар.
Олжасқа пәле жауып кінәлады,
Белгісіз істің немен тынары әлі.
Тұсында білек түріп шықты Арман,*
Тамсаңтқан ойлы сөзі ғұламаны.
Ақын ол есіміне елі таныс,
Бұл Арман бала жастан басқан «шалыс».
Одақтың іргесіне ор қазған жан,
Қалмақшы бұл күрестен қалай қалыс?
Қол жиып көше кезіп кете барды,
Жаптыру ажал көзін ынтызары.
Жүргенде шүберекке түйіп жанды,
Аңқылдақ аңғал ақын аңғармаған,
Тыңшыны тіміскілеп жүрген маңды...
Күрестің алаулаған жалыны шарпып,
Өзіне мың сан жанды алды тартып.
Сескентті «Невада - Семей» қозғалысы,
Әлемде күннен-күнге беделі артып.

* Арман Қани. Белгілі ақын.



Олжастың жасын тектес ойларынан,
Оралған атом-сайтан ойнағынан.
Жандардың мәңгілікке жаны жасып,
Тың қуат көзін ашып бойларынан.
Серпіліп, сергіп тіпті сала берген,
Олжастың көп ғалымдар соңына ерген.
Отанның қорғанысы деген сөздің,
Тең деген баламасы қазған көрмен.
Қалың жұрт Кремльден жауап күткен,
Арылды бір-ақ сәтте ауыр жүктен.
Нұрағаң жарлығымен жұтықы жұт,
Жалмауыз полигонның күні біткен
Сәтінде шалқып, толқып кеттім тіптен.
Жыладым кірпігіме моншақ іліп,
Одақ жоқ төбеме ойнап салар бүлік.
Егемен, атомсыз ел тәуба дедім,
Атқанда бейбіт рауан таңым күліп.
...Жұт жайлап, жұмыссыздық етек алып,
Қазақтар қосаңдады қару алып.
Ертеңін туған елдің ойлағанда,
Оянды ұлттық намыс шамырқанып.
Жер анаң, байтақ дала - алтын бесік,
Кірмелер кеңірдектеп, көкіш - бөсіп.



Жатқанда қазақ жерін менікі деп,
Есін ел жиып алды кеткен шошып.
Бірігіп бұрынғыдай бытырамай,
Ел сөзін есті азамат сөйледі ұдай.
Тілімді тілдеп жатты кей бауырым,
Жағынып өзге жұртқа, жиып ұпай.
Кейбірі депутат боп шіренгеннің,
Қазақты даттағанда тірі өлгемін.
Қоздырып ұлтаралық араздықты,
Дегеннің мен ұлтымның тірегі едім.
Сандалған сандырағын жүре тыңдап,
Санасын күннен-күнге алған шыңдап.
Жастарым, жасамысым құрыш мінез,
Көтерген бірлік туын жүздеп, мыңдап.
Қатары күннен-күнге артқаны анық,
Ел үшін алаулаған от боп жанып.
Президент ел бірлігін сақтай білген,
Ақылмен әлем жұртын отыр таң қып.

VI.

...Нарыққа бірте-бірте бейімделген,
Әр іске көңіл қойып пейіл берген.
Павлодар өңірінің өрендері, -



Күрсінген күнің өтті болып шермен.
Кәсіпкер істің қырын білген анық,
Ісіңді ел қуаттап, әлем танып.
Соңғы кез қала мынау гүлге оранды,
Қаптатып құрылысты жатыр салып.
Тайсақтап бас көшеге сұғына алмай,
Өзгелер жан сырымды ұғына алмай.
Көшеге Қанағанның атын бермей,
Жүретін бір бармағын бүгіп, Алла-ай.
Арамза ағайыннан бетім қайтып,
Әуре боп арызымды әркімге айтып.
Жүргенде шокша сақал көше иесі,
Қанышқа орын беріп, кетті тайқып.
Қаныштың көшесінде кербез басқан,
Танысты, бейтанысты ұшырасқан.
Құшақтап өпкім келді маңдайынан,
Күн ғой бұл мейрім тасып, бағым асқан.
Күн ғой бұл қазақ үшін, орыс үшін,
Танытқан өзге жұртқа бірлік күшін.
Павлодар келісімдер астанасы,
Отаны әділ сөздің, әділ істің.
Құлазып, күні кетіп дала қурап,
Болып ет күні кеше бейне тулақ.



Мыңғырған мал тұяғы дүбірлетіп,
Ата қыр сала берді гүлдеп, қунап.
Ата қыр,
Егін шалқып төскейінде, -
Қуә боп өткеніме, өскеніме,
Жатырсың біз кетеміз сен мәңгілік,
Даланың жұлдыз жапқан кештерінде.
Етер-ау біздерді де ұрпақ аңыз,
«Өз елін сүйген жандар олар нағыз».
Десе егер еңбегіміз ақталғаны,
Дейді олар дәл осылай таңданбаңыз.

VII.

Қара Ертістің суындай жылжып аққан,
Тірлігіңді етсем мактан.
Күйініштен сүйініш басым түскен,
Шат-шадыман үн жетті шартараптай.
Көрді көзім елімнің ерлегенін,
Алаяққа антұрған ермегенін.
Қазақстан әлемде әйдік елсің,
Жарасады жұлдені бермегенің.
Жарасады байлығың, байтақтығың,
Жауынгер ел шыныққан шайқаста мың.



Бейбіт өмір береке бастауы боп,
Он-ақ жылда әлемге ой тастадың.

Сенен тарар әлемге шұғылалы,
Бейбіт жырды саналы ұғынады.
Қазақстан - мәңгілік мақтаншым,
Төңір өзі қылғайда сұғын әрі.



МАЗМҰНЫ

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ.....	2	
ТАРИХ	2	
ХАН ИЕМ	3	
Көмекей әулие	5	
Қаз дауысты ҚАЗЫБЕК	8	
Олжабай	10	
Мәшһүр Жүсіп	12	
Уа, Отырар қарыздармыз біз саған	13	
АҒАЛАРЫМ ҮЛГІ ТҰТАР		
АЛДАҒЫ	16	
Тарих куә.....	16	
Ізгілік	17	
Күміс тиын.....	20	
Бойтұмар	23	
АЗАТТЫҚ ЕДІ АҢСАҒАНЫ, АРМАНЫ.....		25
Құл	25	
ТӘУЕЛСІЗДІК - ӨТКЕНІМНІҢ ӨТЕМІ	30	
Малайсары батырдың соңғы өзілі	49	



АШТЫҚ-АЗАП ТАЛАЙЛАРДЫ	
ЖАЛМАДЫ.....	58
Ар соты алдында.....	58
СОҒЫС ӨРТІ ҚАЙ ШАҢЫРАҚТЫ	
ШАЛМАДЫ	62
Барлаушы	62
Қашқын.....	67
Құтқарам сені.....	73
ТӘУЕЛСІЗДІК СЕНІМІМДІ МӨҢГІЛІККЕ	
ЖАЛҒАДЫ	76
Қазақстан - мөңгілік	
мақтанышым	76



Сүлеймен Баязитов

ХАН ИЕМ

Кітаптың редакторы ақын
Гүлжанат Жеңіс қызы Имангазина

Корректоры
С. С. Баязитова

Компьютерде терген
Айгүл Алтынбек қызы Жұмабекова

Славо в набор 4. 08. 05 г.
Подписано в печать 12. 08. 05 г.
Бумага офсетная. Гарнитура KZ_SchoolBook
Тираж 200 экз.

Отпечатано в ТОО НПФ "ЭКО".

140 000, Республика Казахстан, г. Павлодар,
ул. 29 Ноября, 2, тел. (3182) 32-16-08



